Жоғары оқу орнының атауы	**Алматы энергетика және байланыс университеті**
«Жоғары оқу орнының уздік оқытушысы» мемлекеттік гранты иегерінің тегі, аты-жөні	**Искаков Жарылқасын**
Қызметі	**Физика кафедрасының доценті**
Мекен- жайы	**050009, Алматы қ-ы, Тұрғыт Өзәл көшесі, 59 үй,7пәтер**
Үй және ұялы телефоны	**87272404826,87773839328**
E-mail	**iskakov53@mail.ru**

ЖҰМЫСТЫҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР- КЕСТЕГЕ СӘЙКЕС ОРЫНДАЛУЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

• *Шет елде тағылымдамадан өту*

2013 жылдың 13 - шілдесінен 22 - шілдесіне дейінгі аралықта Ресей Ғылым Академиясы А.А. Благонравов атындағы Машинатану институты, техника ғылымдарының докторы, профессор Григорий Яковлевич Пановко жетекшілік жасайтын вибромеханика зертханасында тағылымдамадан өттім. Зертхана жұмыстарының негізгі бағыттарымен: діріл (вибрация) көмегімен тасымалдау әдістерімен, осы әдістерге негізделе жұмыс істейтін механизмдер және машиналармен таныстым. Н.Э. Бауман атындағы Мәскеу мемлекеттік техникалық университетінің «Қолданбалы механика» кафедрасының профессоры Г.Я. Пановконың магистранттар мен аспиранттарға арналған «Дірілдегіш машиналар мен технологиялардың теориясы» қысқаша лекциялар курсын тыңдадым.

Осы жылдың 10 – 14 желтоқсаны аралығында Қырғыз Республикасы Ұлттық Ғылым Академиясы Машинатану институтында ғылыми жолсапарда болым. Институттың негізгі ғылыми бағыттарымен: күштік импульстік жүйелері бар соққылық әсерлі машиналар мен механиканың ғылыми негіздерін әзірлеумен, олардың негізінде әртүрлі технологиялық мақсаттағы машиналар мен механизмдерді жасаумен; күштік импульстік жүйелердің және соққылық әсерлі машиналардың теориясын әзірлеумен және тау-кен ісі және құрылыс үшін жоғары өнімді энергия мен материал үнемді машиналар мен агрегаттар жасаумен таныстым. Институттың Ғылыми кеңесінде «Колебания ортогонального механизма с неидеальным источником энергии при наличии груза на рабочем звене» және «Резонансные колебания неуравновешенного вертикального гироскопического ротора с нелинейными характеристиками» мақалалары талқыдан өтіп ашық ғылыми басылымға ұсынылды.

Қазан айында Алматы энергетика және байланыс университетінде Elsevier - дің "How to Get Published in Scientific Journals" авторлық семинарына қатыстым. Семинар соңында Elsevier өкіліне сұрақтар беріліп сәйкесті жауаптар алынды, семинарға қатысушыларға сертификат табысталды.

Алматыдағы Inter Press A Member of International House World Organization ұйымында Beginner бағдарламасы бойынша Learning Basic English language тілдік курсынан өте бастадым. Курс біткен соң тест емтихан тапсырамын және тілді игеру деңгейіне сәйкесті сертификат аламын деп жоспарлаудамын.

• *Оқу-әдістемелік жұмыс*

Жылдық жоспар- кестеге сәйкесті «Физика. 5В071800-Электрэнергетика мамандығының барлық оқу бөлімінде оқитын студенттер үшін есептеу-графикалық жұмыстары. Алматы: АЭжБУ КЕАҚ көшірмелі көбейткіш бюросы, 2013» әдістемелік нұсқаулары даярланып, баспадан шықты. Оқу-әдістемелік жұмыс кіріспеден, физика пәнін игеруге ұсыныстардан, есептеу-сызбалық жұмыстарын орындауға және безендіруге қойылатын жалпы талаптардан, есептеу-сызбалық жұмыстарының кестелерде нұсқалары мен сәйкесті есептер нөмірлері көрсетілген тапсырмаларынан, А, Б, В, Г қосымшаларының мазмнынан тұрады. Тапсырмалар кредит санына сәйкес әрқайсысы уш (А, В, С) деңгейден тұратын төрт есептеу сызбалық жұмысты қамтиды. Мұнан басқа грант иегерінің медиа жоспары бойынша келесі ғылыми әдістемелік мақалалар жарық көрді:

1) Мақала: Елеусінов Б., Ақышева А. Физикадан олимпиадалық есептерді шығару әдістемесі. Қызылорда облысы бойынша педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институтының ғылыми-әдістемелік журналы, 2012. - №1(33) - 2(34). - Б.30-34;

2) Мақала: Елеусінов Б., Ақышева Қ. Физикалық есептерді шығарудың стандартты емес әдістері. Қызылорда облыстық "Сыр мектебі" газеті, №7, 1-наурыз 2013 жыл;

3) Мақала: Инновациялық бағыт. «Қазақстан мұғалімі» Республикалық ғылыми-педагогикалық газеті, 31 мамыр 2013 жыл, 5 бет;

4) Мақала: Елеусінов Б. Педагог мамандықтарын даярлаудың инновациялық бағыттары. «Қазіргі математикалық білім: теориясы, әдістемесі, тәжірибе» Халықаралық ғылыми-практикалық конференциясы материалдары. 28 - 29 маусым 2013 ж., Көкшетау;

5) Мақала: Елеусінов Б. Түйіспелік құбылыстарды тәжірибелік зерттеу қондырғысын жетілдіру және онда зертханалық жұмысты жүргізу әдістемесі. Алматы энергетика және байланыс университетінің Хабаршысы. – Алматы, 2013. - № 2 (21). – Б. 68 – 72.;

6) Article: Innovative teacher training tendencies in the Republic of Kazakhstan. Proceedings of III International conferences "Science, Technology and Higher Education" , 16 October, 2013, Westwood, Canada

Мақалалардың дайджестері Білім және ғылым министрлігі Жоғары білім және жоғары оқу орнынан кейінгі білім департаментіне «Aigul.Bazhikbaeva@edu.gov.kz» электрондық мекен-жайына жіберіліп отырды.

• *Ғылыми жетістіктер және ғылыми зерттеулерді орындау*

"Дискісі еңкіш,массасының дисбалансы бар теңгерілмеген ротордың тербелістері мен орнықтылығы" ғылыми тақырыбы мемлекеттік тіркеуден өтіп, ол бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді, жылдық ғылыми есеп даярланып бекітілді. Ғылыми жұмыстар нәтижелері келесі Халықаралық ғылыми конференцияларда талқыланып, ғылыми басылымдарда жарық көрді және ұсынылды:

1) Мақала: Дискісі еңкіш, массасының дисбалансы бар қос тіректі консолдық ротордың орнықты тербелістері. «Шоқан тағылымы-17» Халық. ғыл.-пр. конф. матер. Т.5. 24 - 26 сәуір 2013ж. - Көкшетау, 2013. -Б.56 - 59.

2) Статья: Бисембаев К. Динамика ортогонального механизма вибрационного стола прессавтомата с неидеальным источником энергии. Материалы Международной научно-практической конференции «Валихановские чтения-17». Т. 5. 24 - 26 апреля 2013г. – Кокшетау, 2013. – С. 53 - 55.

3) Article: Resonant oscillations of gyroscopic vertical rigid unbalanced rotor with soft nonlinear elasticity characteristics. Proceedings of 4 International conference on European Science and Technology. April 10-11, 2013, Munich, Germany, p.p. 207-212;

4) Article: Steady-state oscillations of two-bearing console rotor with mass imbalance and disc misalignment, Proceedings of CBU international conference on integration and innovation in science and education, April 7 - 14, 2013, p.p. 374 - 381, Prague, Czech republic www.cbuni.cz, OJS.Journals.Cz .**Журнал Thomson Reuters (ISI Web Science) – ге индексацияға берілді (14 ай);**

5) Мақала: Бисембаев К. Идеал емес энергия көзі бар прессавтоматтың дірілдегіш столы ортогоналдық механизмінің динамикасы. «Ғылымның, техниканың және білім берудің басымдықтары» Халықаралық ғылыми – практикалық конференция материалдары. 17-18 сәуір 2013 ж. - Қызылорда – Киев, 2013. – Б. 217-219.

6) Article: Bisembaev K. Oscillations of the orthogonal mechanism with non-ideal source of energy in presence of the load in the operating link. Мақала «**Mechanism and machine theory. Impact Factor 2012: 1,214 Thomson Reuters Journal Citation Reports 2013» Халықаралық Журналының редакциясында рецензиялану сатысында;**

7) Мақала: Бисембаев К. Идеал емес энергия көзі бар ортогональ механизмнің жұмыстық звеноны жүктегендегі ротациялық қозғалысы. Сборник трудов Международной научно-практической конференции

«Современная математика: проблемы и приложения». 24 – 26 октября 2013 года. КГУ им. Коркыт Ата. -Алматы, 2013. – С. 386 – 393.

8) Article: Resonant oscillations of vertical unbalanced gyroscopic rotor with nonlinear characteristics. Мақала «**Mechanism and machine theory. Impact Factor 2012: 1,214 Thomson Reuters Journal Citation Reports 2013» Халықаралық Журналының редакциясында рецензиялану сатысында;**

9) Article: Methods of experimental verification of Steiner theorem in physical practicum and laboratory work. Мақала International Conference on Innovation, Technology transfer and Education. February 3-5, 2014, Prague, Czech Republic берілді. Submitted articles will be sent for indexation to **Thomson Reuters** Conference Proceedings Citation Index (resp. ISI Web of Science).

«Дискісі еңкіш, массасының дисбалансы бар ротордың тербелістері мен орнықтылығы» ғылыми кітабы баспаға даярланды. Ғылыми кітап кіріспеден, төрт тараудан және қорытындыдан тұрады.

Грант иегері Искаков Ж.